




ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Ағылшын тілінің тарихы





Ағылшын тілінің тарихы Британияның тарихымен байланысты. Оның ішінде Селттер (Кельт) тіл және мәдениеті бойынша өзара жақын үндіеуропалық тайпалар тобы жөнінде айта кеткен жөн. Б.з. VII ғасырында селт қауымдастығы Британияны жаулап алған.

Селттердің өздері б.з.Х–ХІ ғасырларда өте үлкен қауымдастық болған. Олар Орталық Еуропадағы үндіеуропа текті қауымдар болған, кейін үлкен күшке ие болып, Кіші Азия, Испания, Франция, Британия елдерін жаулап алған. Олар көшпенді өмір сүргендіктен, жазба әдебиеттері болмаған, тарихы жөнінде солардың тілінде жазылған мәліметтерді де таба алмаймыз. Өзге елдердің жазбаларынан және археологиялық қазба жұмыстарынан селттер туралы мәлімет табуға болады.

Селттер тайпа, ру болып өмір сүрген жауынгер халық, керек кезінде бірігіп шаруаларын тындырса да, жеке ұлт болып қалыптаса алмаған. Олардың соғыстарда арқа сүйейтін сақпан, найза, семсер және ат арбалары болатын. Сақпанмен әуелі жауына шабуыл жасаған, одан кейін ат арбамен найзасын жіберіп, ал жаумен бетпе-бет келгенде арбадан түсіп семсермен шайқасқан. Британиямен шайқасынан III–IV ғасырдан кейін, әскеріне деген жүйелілік пен техниканың алтта қалуының себебінен селттер Рим империясынан жеңіледі. Сөйтіп, б.з. 75–80 жылдарында селттерді Британиядан қуып шығады. Римдіктер 75 жылдан бастап 450 жылға дейін Британияда билік еткен. Сол жылдары герман текті үш үлкен тайпа англдер, саксондар, юдтар бірігіп, Римдіктерге қарсы соғыс ашады. Сол соғыста олар жеңіп, Британияның жерін иеленген. Бұл үш тайпаның диалектілері бір-біріне жақын болғандықтан, ғасырлар өткен сайын одан әрі жақындап бір тілдің, ежелгі ағылшын тілінің негізін қалаған. Солардың билік құрған жылдарында, англдер өз елін «Englaland», ал тілін «Englisc» деп атаған. Содан «England» және «English» сөздері пайда болды.

Ежелгі ағылшын шығармаларында тек қана бір аңыз бүгінгі күнге жеткен. Ол XI ғасырға тиесілі қолжазбаның бірінші беті, белгісіз автордың ағылшын тілінде VIII–X ғасырларда жазған аңызы. Бұл аңыздың кейіпкері Швецияның оңтүстігін мекендеген Боевульф есімді гаут халқының патшасы болған. Ол бір күні Дания елінде бір құбыжықтың бар екенін естиді. Әлгі құбыжық алдынан шыққанның бәрін тас-талқан ететін көрінеді. Содан Боевульф достарын жинап Данияға аттанады. Жаңағы Грендаль деп аталған құбыжықпен шайқасып, оны жеңеді. Бұлардан қашқан Грендаль теңіздің астындағы бір үңгірге барып жасырынады. Бірақ оны Боевульф тауып алып өлтіреді, сөйтіп Данияны құбыжықтан құтқарады. Еліне оралған соң оны патшалық үлкен құрметпен қарсы алып, патшалықтың бір аймағын сыйға тартады. Кейін патша өлгеннен кейін, оның орнын басып, сол жерде 50 жылдай билік құрады. Күндердің күнінде бір айдаһар Боевульфтың еліне шабуыл жасап, сол айдаһардың қолынан қаза болады. Бұл аңыздың соңы осылай аяқталады. Бұл ежелгі ағылшын тілінде жазылған жалғыз мұра етіп қалған әдеби шығарма.

«Боевульф» дастаны 1815 жылы табылған, содан зерттеле бастады, бұл 3182 өлең жолдарымен жырланған дастан екен. Оны келешек дәуір әдебиетінің негізін қалаған шығарма деп атауға болады.

Ағылшын тілінің екінші дәуірі 1100 жылдан басталып 1500 жылға дейін созылады. Бұл дәуірдің бас кезінде ағылшындар шабуылға ұшырап, Британияны француздардың патшалары басып алады. Содан француз тілі Британияда кеңінен өріс алып, саясаттың, сауда-саттықтың тіліне айналады. Сол кезеңде француз тілі үстем тіл болып, жоғарғы таптың тілі болса, ағылшын тілі бір шектелген аймақтың тілі болып қалады.

Ағылшын тілінің өрістеуіне, негіз қалауына үлкен үлес қосқан ағылшын ақыны, «ағылшын поэзиясының атасы» саналатын Джефри Чосер (1300/1345–1400 ж.ж.) болған. Ол 1380 жылы ағылшын тілінде «The Canterbury Tales» деген шығармасын жазады. Бұл Лондонның оңтүстік шығысында орналасқан қаланың атын білдіреді. Шығарманың екінші басылымы 1483 жылы басылып шыққан. Кезінде сол жерде атақты шіркеу салынған екен. Ол кезде христиандық католиктер күшті еді. Шіркеулердің ережелерін сақтайтын, шіркеулерге үстемдік етуді қалаған топтар көп еді. Солардың бірі Томас Бекет деген кісі болатын. Ол дінді, шіркеуді құрметтеп «саясатымызды, өмірімізді соған бейімдеуіміз керек» деген ұстанымда болды. Бұған Генри патша қарсы болып оған шабуыл жасайды. Сол шабуылдың салдарынан Томас Бекет қаза болады. Оның қазасынан кейін ел патшаға наразылығын білдіріп, Томас Бекетті үлкен әулиеге теңеп, оған арнап мазарын үлкен зират мекеніне айналдырады. Тарихта «The Canterbury



Tales» қаласы осы зираттың арқасында әйгілі қала болып есептеледі. Сол зиратқа келушілер қонақүйлерге тоқтайтын көрінеді. Бірде сол қонақүйлердің бірінде жан-жақтан келген, түрлі салада жұмыс атқаратын 30 шақты адам жиналатын көрінеді. Уақытын өткізу үшін сол жиналған жерде олар «әркім өзінің пікірін, білетінін айтсын» деген ұсыныс тастайды. Содан әрқайсысы өз білгендерін, әңгімелерін айтқан көрінеді. Сол айтылғандары «қала хикаялары» деген мағынадағы атаумен ағылшынша жазылып, кітап болып жарыққа шығады. Кейін үлкен атаққа ие болып, елдің қошеметіне бөленеді. Джефри Чосерді ағылшын тілінің екінші дәуірінде тағы бір белеске қол жеткізуіне негіз қалады деп айта аламыз.

Үшінші дәуір кезеңі 1500 жылдан 1800 жылға дейін созылған. Бұл ерте кездегі заманауи ағылшын кезеңі. Ағылшын тілін қазақшаға аударғанда дауысты дыбыстардың ауысуының ережелері қалыптасады. Сондай-ақ орфографиясы мен грамматикасының ережелері орнығады.

Лондонда баспаханалар ашылып, мұнда кітаптың біразы Лондон диалектісімен жазыла бастайды. Содан Лондон диалектісі бүкіл Британияда ұлттық тілге айналады. Бұл кезеңде үлкен ықпал жасаған көптеген жазушылар, философтар болған. Соның бірі жазушы Шекспир, ағылшынның жаңа бір дәуіріне қадам басуына үлкен ықпал жасаған.

1800 жылдан кейінгі дәуір, демек төртінші дәуір кейінгі кездегі ағылшын тілі дәуірі болып саналады. Бұл дәуірді, алдындағы үш дәуірдің жемісі деп есептеуге болады. 1800 жылдан кейін ағылшын тек қана бір Англияның тілі емес, бүкіл әлемдік тілге айналуына негіздері қаланды. Дүниежүзінде ағылшын тілінің қолданыс аясы бірінші орында тұр деп айтуға болады. Себебі ағылшын тілі тек қана экономикалық саладағы үлкен жетістіктерінің арқасында емес, сондай-ақ, технология саласындағы биік белестерге қол жеткізудің арқасында әлемде ерекше орын алып отыр. Табыс үшін, өзге елдерді отарлау үшін ақ нәсілді ағылшындар, бір жағы Америкаға, бір жағы Канадаға, Африкаға, Индияға жан-жаққа қанатын кеңінен жайып, ағылшын тілінің кеңінен өрістеуіне негіз жасап жатыр.

Ағылшын тілінің әлемдік деңгейге жетуі, экономика және технологиядағы жетістіктерімен қатар, ағылшын тілінің өкілдері көптеген мемлекеттерде өздерінің тілге деген жанашырлығымен, әр елде ағылшын тілін үйрету үшін жағдай жасап жатыр. Болашақта әр елде ағылшын тілінде мектеп, колледж, жоғары оқу орындарының да ашылуы әбден мүмкін.

Қорыта айтқанда, қазіргі замандағы ағылшын тілі екі факторға сүйене отырып, әлемдік деңгейдегі өзінің өрісін сақтап, одан әрі дамытып келе жатыр. Оның біріншісі технологияның дамуына байланысты. Ол ағылшын тіліндегі технологияға қатысты сөздердің пайда болуы және әлемдік деңгейде ғылыми терминдер ретінде қолданысқа енгізуі. Екіншісі, ағылшын тілі әлемнің $\frac{1}{4}$ жаулап алған мемлекет, империя ретінде кез келген елдің сөздерін қабылдап, өздерінің фонетикалық заңдылығына бағындырып, ағылшын тілінде қолданысқа енгізіп отыр.

Ағылшын тілінің даму деңгейін Джеймс Джойстың шығармаларынан аңғаруға болады. Джеймс Джойс (1882–1941) – ирланд жазушысы, ақын, модернизмнің жарқын өкілі. Ол 1922 жылы шығарған «Улисс» күрделі полистильдік шығармасы, модернистік романында 3687 сөзді бір сөйлемге сыйдырған. Бұл ағылшын тілінің қай жағынан да өте жоғары деңгейге көтеріліп, тек қана әлемдік тіл қатарында өзінің ішкі мазмұнымен қатар формасының да байытқанның белгісі. Ағылшын тілінің тарихына зер салсақ, ежелгі дәуірден орта ғасырға, одан жаңа дәуірге, бүгінгі заманға жетуі арқасында іргесін қалап келе жатқан тіл.